

ТЕКСЕРІЛДІ:
әдіскер Д.Б.Мұхаметьярова

*Утверждено
историком
Д.Б.М.*

28.02.2025 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» б/балабақшасы

Топтар: «Звездочки» ересек тобы
«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 03.03 – 07.03. 2025 жыл (1-апта) Апта дәйексөзі «Патриотизм - ата-анаңды құрметтей білуің...»
(Б.Момышұлы)

Күн тәртібі	Дүйсенбі 03.03	Сейсенбі 04.03	Сәрсенбі 05.03	Бейсенбі 06.03	Жұма 07.03
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Ыдыстар», «Домбыра»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Ана толғауы» күйі https://lmusic.kz/mp3/erasyl-adilbekov-ana-tolgauy/26849 «Күй күмбірі» күй тыңдау				
Сөздік минимум	Кесе, тәрелке, қасық		Домбыра, домбыра тартамын. Менде домбыра бар. Мен домбыра тартамын. Мен домбыра тартпаймын.		
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	Мектепалды тобы Тақырыбы: «Ұ дыбысы» Міндеттері: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге және есте сақтауға, ол сөздерді қолдана білуге; қазақ тіліне тән ұ дыбысын		Мектепалды тобы Тақырыбы: «Домбыра» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету;		

	<p>айтуға үйрету; тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру;</p> <p>қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету</p> <p>Жұмбақ шешейік Құстай ұшар, Қанатты тұлпар. (Ұшақ.)</p> <p>- Дұрыс айтасындар! Ұшақ қандай дыбыстан басталып тұр? - Ұ дыбысынан. - Ұ дыбысын барлығымыз айтып көрейікші. - Ұ-ұ-ұ-ұ-ұ. Ұ-ұ-ұ-ұ-ұ. - Ұ дыбысы қандай дыбыс деп ойлайсындар? - Дауысты дыбыс. - Қайдан білдік? - Себебі, ол дауыс кедергісіне ұшырамай, созылып айтылып тұр. - Енді дыбыстың айтылуына мән беріңдер. Ұ - ұ - ұ. Қалай дыбысталып тұр? - Дыбыс созылып, әндетіліп айтылса, ол қандай дыбыс болғаны? - Ұ - жуан дауысты дыбыс. Ол сөздің басында, ортасында кездеседі. Сөз соңында кездеспейді.</p>		<p>сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;</p> <p>домбыра атауын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>- Балалар, домбыраның не екенін білесіңдер ме? Ал ұлттық аспап дегеніміз не? Сендер домбыраны көрдіңдер ме? Үйлеріңде домбыра бар ма? - Мына суретке қарайықшы, домбыра ағаштан жасалады, қос ішекті болады. Домбыраны көрген адамдар қазақтың аспабы екенін біледі. - Балалар, осындай аспабымызға мерекелік көңіл-күйімізді білдірейік: - Күмбірлеп күймен (балалар қолдарын жоғары көтереді), - Билейік бимен (балалар қолдарын жандарына созады), - Шырқатып әнмен (балалар қолдарын жоғары көтереді), - Жүрейік таңмен (балалар құшақтарын жаяды). - Көненің көзі (балалар қолдарын жоғары көтереді), - Қазақтың өзі (балалар қолдарын жоғары көтереді), - Қасиетті сөзі (балалар қолдарын жоғары көтереді),</p>		
--	---	--	--	--	--

	<p>Барлық балалар Ұ ұ әрпін ауада жазады.</p> <p>- Балалар, мен жұмбақ жасырамын. Сендер жұмбақтың шешуіндегі сөздің қай дыбыстан басталып тұрғанына назар аударындар. Құстардың панасы, Ағашта ол тұрады. (Ұя.)</p> <p>Жаңылтпаш жаттау. Тұз – мұздай Мұз – тұздай Талап – тұлпар Білім – сұңқар.</p> <p>Сергіту сәті. Қақпаға туралап, Ұр допты оң аяқ. Қақпаға туралап, Ұр допты сол аяқ. Оң аяқ, сол аяқ Жаттығу оңай-ақ.</p> <p>«Ұшты, ұшты» ойыны. Ұшты, ұшты! Қарға ұшты! (Балалар қарға сияқты ұшады) Ұшты, ұшты! Етік ұшты! (Қолдарын көтеріп ұшпақ болған бала айыбын өтейді.) «Кім зейінді?» ойыны. Мақсаты. Еске сақтау, ойлау және елестету элементтері дамыту. Ойынның шарты: әртүрлі</p>		<p>- Сөйле, домбыра! (балалар иліп тәжім жасайды).</p> <p>Суретпен жұмыс - Балалар, суретте не бейнеленген? Киіз үй. - Тағы кімдерді көріп тұрсындар? Домбыра тартып отырған баланы. - Балалар, суретте тағы не бейнеленген? Балалар ойланбай «Киіз үй» деп жауап береді. - Суретте тағы нені көріп тұрсындар? Жылқыны. Керемет. - Балалар, домбыра керемет аспап, солай ма? Иә. - Домбыра неше шекті? Екі шекті. - Олай болса, балалар, домбыраға арналған әдемі музыка бар, естіп көрейікші? Халық әні «Домбыра» әні. Әуенін жазған халық. - Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз</p> <p>Тыңда. Қайтала Менде домбыра бар. Мен домбыра таратамын</p> <p>Сұраққа жауап бер Сен домбыра тартасың ба? Ия, мен домбыра тартамын. Жоқ, мен домбыра тартпаймын.</p> <p>Үлгі бойынша сөйлес. Мынау не? Бұл – домбыра.</p>		
--	---	--	---	--	--

буындардың ішінен [ұ]
дыбысын естігенде қолын
көтеріп, буынды қайталау
керек. Буындар: үш, ұш, үз, ұз.
«Кім тез?» ойыны.

Педагог:

- Балалар, мен сендерге [ұ]
дыбысынан басталатын
сөздерді айтамын.

- Ұ дыбысынан келетін сөзді
естісеңдер, қолдарыңды
шапалақтандар.

Сөздер: ұлу, ұшқыш

«Кім тапқыр?»

Ойынның шарты.

Балаларға [ұ] дыбысына
қатысты суреттер көрсетіледі.

Сол көрсетілген суреттердің
атын атап, буынға бөліп және
сөздегі орнын тауып
белгілейміз.

Тіл ұстарту жаттығулары.

Ұш - ұш - ұш. Ұш - қыш.

Тұз - мұздай

Мұз - тұздай.

Талап - тұлпар,

Білім - сұнқар.

Құ - лан, құ - лақ, қол - ғап.

Ұс-ұс-ұс.

Қарлығаш - киелі құс.

Ұн, ұш - қыш, ұ - лу.

Ұт, ұр - шық, ұ - шақ

Ұш, Нұр - лан, ұ - сақ.

Ұт, Ақ - нұр, Ұ - лан.

Ұ- жуан дауысты дыбыс. Өз
алдына буын құрай алады.

Сенде домбыра бар ма?
Жоқ, менде домбыра жоқ.

ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бүгін қандай ән
тыңдадық? «Домбыра» әнін.

- Балалар, домбыра қандай аспап?
Ұлттық аспап.

- Домбыраның неше шегі бар? Екі.

- Бәрекелді, балалар, бүгін сендер
жақсы белсенділік көрсеттіңдер,
рақмет! Сау болыңдар!

Сөздің басында, ортасында кездеседі. Сөздің аяғында кездеспейді.

Саусақ жатығуы.

М. Әлімбаев «Он саусақ».

Жалғыз саусақ тіпті де,

Ұстай алмас жіпті де.

Екі саусақ бірікті.

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды

Жүгіртеді қаламды ...

Өнерлі екен он саусақ!

Қала салсақ, жол салсақ ...

Сөздерді дұрыс оқы.

Дауыстап оқу.

Ұя, ұшқыш

Ақырын оқу.

Ұя, ұшқыш

Сыбырлап оқу.

Ұя, ұшқыш

ҚОРЫТЫНДЫ

- [ұ] қандай дыбыс? (дауысты дыбыс)

- [ұ] дауысты дыбыс, оның ішінде? (жуан дыбыс)

- Әндетіле ме, созыла ма?

- Ұ сөздің қай бөлігінде кездеседі?

Ортаңғы топ

Тақырыбы:

«Ыдыстар»

Міндеттері:

қазақ тілінің төл дыбыстарын

<p>дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету.</p> <p>Балалар, біз таңертең тұрамыз, содан кейін қайда барамыз? Біз балабақшаға барамыз. Балабақшада таңғы асқа не жейміз? Нан мен май, жұмыртқа, ботқа, шай. Ботқаны қандай ыдысқа салады, оны немен жейміз? Ботқаны тәрелкеге салады, оны қасықпен жейміз. Тағы қандай ыдыстарды білесіңдер? Біз бүгін ыдыстарды қазақша атаймыз және оларды есте сақтаймыз.</p> <p>Суреттермен жұмыс «Қара да айт. Мынау не?» Мынау – кесе. Мынау - тәрелке. Мынау – қасық. Мынау – шанышқы. Мынау – пышақ. Мынау – шәйнек.</p> <p>Бейнежазба көру «Машаның шәйнектері» Балалар Машамен бірге түстерді қайталайды, содан кейін шәйнектің түстерін атайды.</p>				
--	--	--	--	--

Дидактикалық ойын:

«Үлкен-кішкентай»

Балалар «Үлкен кесе»,
«кішкентай кесе» деп
байланыстырып сөйлеуін
дамытады.

**Бейнежазба көру «Сыңарын
тап»**

Дидактикалық ойын:

«Сыңарын тап»

Балалар ыдыстар мен
тағамдардың қазақша атауын
айтып, алған білімдерін
бекітеді.

«Не өзгерді?» ойыны

Педагог балалардың алдына
бірнеше ыдыс-аяқ түрін қояды.
Балалар қойылған ыдыстарға
мұқият қарайды. Педагог
балалардың теріс қарауларын
өтінеді. Осы кезде педагог
ыдыстардың орнын
ауыстырады. Балалар қайтадан
ыдыстарға қарайды, қай
ыдыстың орны ауысқанын
табады.

Жаңылтпаш жаттау

Шеше, шеше,
Неше кесе,
Сынды кеше?

Қимылды әрекет:

«Кесемен шай ішу»

Аққұманды аламыз,
Ішіне шай саламыз.
Суды құйып толтыра, Шайды
демдеп аламыз.
Кесе, қасық аламыз,

	<p>Шайға қант саламыз Араластыра жайменен Шайды ішіп аламыз</p> <p>Қорытындылау: Ыдыстардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.</p>				
<p>Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</p>	<p><u>Ересек топ</u> Саусақ жатыңуы. Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті. Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды Жүгіртеді қаламды ... Өнерлі екен он саусақ! Қала</p> <p><u>мектепалды топ</u> Жаңылтпаш жаттау Шеше, шеше, Неше кесе, Сынды кеше? салсақ, жол салсақ ...</p>		<p><u>мектепалды топ</u> Кел, жаттайық! Күмбірлеп күймен, Билейік бимен, Шырқатып әнмен, Жүрейік таңмен. Көненің көзі, Қазақтың өзі, Қасиетті сөзі, Сөйле, домбыра!</p>		
		<p>«Алшы» ойыны Сипаттамасы: Бұл ойында асықты иіру арқылы кімнің асығы алшы түсетінін анықтайды. Алшы түскен ойыншы жеңімпаз болып саналады. Құралдар: 4 немесе одан да көп асық. Ойын ережесі: Әр ойыншы кезекпен асық иіреді. Алшы түскен асық жеңімпазды анықтайды. Егер бірнеше ойыншының асығы алшы түссе, олар қайтадан иіреді.</p> <p>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау</p>			